

«6D020500» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Се Вэйиннің «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес келеді. XX ғасырдың бірінші жартысындағы алғашқы жаңа сипатты қазақ және қытай романдары салыстырылып, екі елдің әдебиетінде ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды, көркем идея мен көркемдік әдіс-тәсілдер тұрғысынан жан-жақты зерттелген. 1) Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған; 2) Диссертациялық жұмыс ҚХР стипендиялық кеңесі қаржыландырған «Халықаралық өңіртану және жоғары деңгейлі шет тілі мамандарын даярлау» (ҚСК-нің Азия елдеріне арналған жоба, 2016 ж. №9088) жобасының аясында дайындалған; 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытының «4. Елдің зияткерлік әлеуеті; 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бөліміне сай келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады. Бұл зерттеу – XX ғасыр басындағы қазақ және қытай әдебиетіндегі әйел тағдырына арналған романдарды салыстырмалы тұрғыда зерттейтін әдебиеттанудағы алғашқы еңбек. Зерттеу жұмысы XX ғасырдың бірінші жартысында әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ және қытай романдарын көркем идея мен көркемдік әдіс-тәсілдер тұрғысынан салыстыра қарастырып, олардың екі ел әдебиетінің даму процесіндегі рөлін нақтылап, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс тек қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, сонымен қатар қытай әдебиеттану

			ғылымында және Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени алмасуға да маңыздылығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертация жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары деп айтуға болады. Ғылыми еңбектен автордың өзіндік баяндау стилі бар екені анық байқалады. Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертация жұмысы бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс екені көрініп тұр.
	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Диссертация жұмысының өзектілігі негізделген. Қазақстан мен Қытай тату көрші және жақсы серіктес. Екі мемлекеттің халықтары көптеген ғасырлар бойы бір-бірімен белсенді қарым-қатынаста болды. Бүгінгі таңда Қазақстан – Қытай қатынастары тек мемлекеттердің өздері үшін ғана емес, сонымен қатар әлемдік саясат контекстінде де зор маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда ізденушінің диссертациялық жұмысы осы байланыстың рухани маңызын танытуға арналғандығымен өзекті. Диссертация қазақ әдебиеті тарихында XX ғасырдың бірінші жартысында әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ романдарын сол кездегі қытай романдарымен салыстыра қарастырып, қытай романдарының жанрлық сипатын анықтау арқылы қазақ әдебиетінде роман жанрын зерттеуге жаңа көзқарастар мен тұжырымдарды ұсынатын алғашқы зерттеу жұмыс екені тақырыптың өзектілігін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Еңбек кіріспеден, «XX ғасырдың басындағы қазақ һәм қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбы», «Дәстүр мен жалғастық және жаңалыққа ұмтылу», «Жаңа тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістер» деп аталатын үш тараудан, қорытынды бөлім мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Тараулар өзара тығыз байланысқан.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ізденуші XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан және Қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбындағы романдарды салыстыра талдау; олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау; екі елдегі заманауи романдардың дамуының эволюциясын түсіну; олардың ортақ сипаттарын табуды негізгі мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа сай ізденуші XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ және қытай әдебиетінің өтпелі кезеңінде екі елдің жазушыларының көркемдік ерекшеліктері мен жаңашылдықтарын сипаттау; әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ, қытай романдарының құндылығын бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бағамдау; роман мақсаты мен шығармалардың таралу жағдайы арасындағы байланыстарды

			айқындау; екі ел әдебиеті арасындағы көркемдік идеялар мен ізденістердің ұқсастығын көрсету тәрізді міндеттер қояды. Ізденуші негізгі мақсат-міндеттерін ашу барысында өз пікірін танымды талдаулармен дәлелдегенін байқаймыз.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертация жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан. Ізденуші «XX ғасырдың басындағы қазақ һәм қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбы», «Дәстүр мен жалғастық және жаңалыққа ұмтылу», «Жаңа тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістер» атты бір-бірімен тығыз байланыста болатын үш тарауда диссертация тақырыбына қатысты мәселелерді жан-жақты қарастырып, өзіндік тұжырымдар жасаған. Соған сәйкес диссертация жұмысының нәтижелері де өзара үндесіп, бір-бірінен туындап тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Мәселен, (65-69 беттер) ізденуші XX ғасырдың басындағы қазақ романдарын оған дейінгі ғашықтық дастандармен салыстырып, олардың уақыт пен кеңістік өлшемдерінің ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан қазақ әдебиетінде реалистік стиль кенеттен пайда болған емес, ол қазақ ғашықтық дастандары мен жырлары өркендеу барысында бас көтеріп, XX ғасырдың екінші жартысында Абай, Шәкәрім тәрізді каламгерлердің шығармаларында қарқынды дамып, түптеп келгенде, қазақ романдарында әдеби бағыт ретінде қалыптасқанын дәлелдеген. Жалпы, диссертант Се Вэйнин тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларды ескере отырып, негізделген тұжырымдар жасаған.
5.	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Ізденуші алдына қойған мақсаттар мен міндеттерге жету барысында мынадай жаңа нәтижелерге қол жеткізген: -бұл еңбекте XX ғасырдың бірінші жартысында әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ және қытай романдары көркем идея мен көркемдік әдіс-тәсілдер тұрғысынан алғаш рет салыстырылып, талданды; -қазақ және қытай әйел теңдігі тақырыбындағы романдарының екі ел әдебиетінің даму процесіндегі рөлін тұңғыш рет салыстырып қарастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалып көрсетілді; -тұңғыш рет әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ романдарындағы өлеңдер

			әдеби форма – проза метр тұрғысынан талданып, олардың халықты ағартуда атқаратын қызметі анықталды; -XX ғасырдың бірінші жартысындағы әйел теңдігі тақырыбындағы романдардың мақсаты мен шығармалардың таралу жағдайы арасындағы байланыстарды айқындап, тыңдарманға арналған роман деген жаңа ұғым ұсынылды. Осы айтылғандар ізденуші еңбегінің, зерттеу нәтижелерінің толығымен жаңа екендігін дәлелдейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа деп есептеуге болады. Қорытындылар жеткілікті түрде ғылыми талдауларға негізделген. Жұмыста XX ғасырда қазақ және қытай романдарында әйел теңсіздігі мәселесінің бас көтеруінің себебі анықталды; XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай жазушыларының әйел теңсіздігі мәселесі туралы көзқарастарының және олардың мақсатының ұқсастары айқындалды; XX ғасырдың басындағы әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ романдары мен қытай романдарының жанрлық сипаттарының ұқсастары мен айырмашылықтары анықталды; әйел теңдігі мәселесіне арналған қазақ және қытай романдарындағы өлеңдердің екі ел халқына, әсіресе сауатсыз бұқараға ағартушылық идеяларды насихаттауда маңызды рөлі назарға алынды. Осылардың бәрі ғылыми зерттеудің құндылығы мен қорытынды нәтижелерінің жанашылдығын көрсетеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсатты өзгеше орындауына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттар бойынша)	Диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Әрбір тараудың соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады. Диссертациялық жұмыс соңында солардың негізінде жалпы қорытынды жасалады. Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар дәлдігін, негізделуі мен шынайылығын ізденушінің әдебиет саласына қатысты теориялық еңбектер және тәжірибелік зерттеулерге пайдаланғанын байқаймыз.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	7.1 Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор негізгі 9 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу

	негізгі қағидаттар	7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	жұмысының нәтижесінең туындаған. 7.2 Әрбір қағидат тривиалды емес саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 Мейлінше жаңа. Әдебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін бұл диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Қазақ әдебиеттану ғылымы, қытай әдебиеттану ғылымы, әлем әдебиеттану ғылымы және тарих салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5 2017-2022 жылдарда диссертация мазмұны бойынша негізгі 7 мақала жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Жарияланған еңбектер жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә;	Диссертация тақырыбын зерттеуге таңдалған ғылыми әдіснама толық негізделген. Соның ішінде атап айтсақ, қазақ әдебиеттанушы ғалымдары: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Бейсембай Кенжебаев, Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов, Рымғали Нұрғали, Әнуар Дербісалин, Шерияздан Елеуенов, Зияол-Ғабден Қабиұлы Бисенғали, Өмірхан Әбдиманұлы, Алуа Берікбайқызы Темірболат; қытай әдебиеттанушы ғалымдары: Лу Синь, Ху Ши, Ван Говэй, Аң, Гуо Моруо, Ху Шің, Яң И, Чэн Пинъюань, Чжао Ихың сынды т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдары пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты ресейлік әдебиеттанушылар: Виссарион Белинский, Вадим Кожин және Михаил Бахтин; батыстық ғалымдар: Сеймур Чатман, Уэйн Бут және Ян Уот* т.б. ғалымдардың еңбектеріне назар аударылып, зерттеулері зерделенген. Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері және деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.

		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ	Ізденуші диссертациялық зерттеу бойынша жасаған теориялық қорытындыларды, басты тұжырымдары мен практикалық ұсыныстарын осы жұмыс бойынша таңдалған дереккөздер, нақты материалдар және қазақстандық пен шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысының маңызды мәлімдемелері нақты әрі сенімді, ғылыми қауымдастық мойындаған әдебиеттерді қолданып жасалған сілтемелермен расталған. Ізденуші пайдаланылған әдебиеттердің барлығы қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің монографиялары, ғылыми басылымдардағы мақалалары мен диссертациялық зерттеулерінен құралған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттер мен соңғы жылдарда жарияланған ғылыми материалдарды молынан қамтыған. Библиографияда Еуропа, АҚШ, Ресей және Қытай зерттеушілерінің, қазақстандық ғалымдардың диссертация тақырыбына қатысты мәселелері зерттелген арнайы сипаттағы еңбектерінен құралған 144 дереккөз атауы келтірілген. Диссертанттың тәжірибесі де дереккөз ретінде орынды пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Иә, диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелерін ғылыми жұмыстарда, XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ немесе қытай романдары туралы жазылатын материалдарда дереккөз ретінде қолдануға болады. Филология мамандығы зерттеушілері мен сарапшылары, болашақ әдебиеттанушылар мен осы салада білім беретін оқытушылар оқу құралдың қосымша материалдары ретінде қолдана алады. Сонымен қатар «Салыстырмалы әдебиеттану», «Әдебиеттің даму заңдылықтары» тәрізді теориялық курстарға қосымша материал ретінде енгізуге тұрарлық.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Иә, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жазылған жұмыс практикалық тұрғыда бағалы еңбек екені даусыз. Себебі жұмыс нәтижелерін әдебиеттану бойынша оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулықтарды жазу кезінде, филология саласы бойынша

			арнайы курстар мен семинар сабақтарды жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі жоғары. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертациялық жұмыста қытай әдебиетіне тән көптеген ұғым бар болғандықтан, кейбір сөз қолданысты қазақша дұрыс атаулармен бермейтін жерлері бар. Бірақ бұл жақсы жазылған жұмыстың маңыздылығына нұқсан келтіре алмайды. Жалпы диссертация жұмысының академиялық жазу-сапасы жоғары деп айтуға болады.

Докторант Се Вэйнин «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Имангазинов Муратбек Мубыракханович

